

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

БЕКІТЕМІН
әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық Университетінің
оқу жұмысы жөніндегі проректоры
_____ Д.Ж.Ахмед-Заки
« ____ » _____ 2014 ж.

Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасы доцентінің

Қызметтік нұсқаулығы
ҚН ҚАЗҰУ 18-06-05

Көшірме	Код	Басылым ы	Дайындаған	Келісілді	Келісілді
	ҚН ҚАЗҰУ 18-06-05	Төртінші	Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті деканы Ө. Әбдиманұлы Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының меңгерушісі А. Темірболат	Академиялық мәселелер жөніндегі Департамент директоры Хикметов А.Қ. Рейтинг және сапаны басқару жөніндегі бөлімінің басшысы Ергөбек Ш.Қ.	Құқықтық жұмыс және әскери жұмылдыруды қамтамасыз ету басқармасының бастығы Құрманалиев Б.О. Кадр және мұрағат істері басқармасының басшысы Мадиярова А.С.

Алматы, 2014

	ҚазҰУ	Мерзімі: 2014	Басылым: төртінші
	Кафедра доцентінің қызметтік нұсқаулығы	ҚазҰУ ҚН. 18-06-05	4 те 2 бет.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Кафедра доценті қызметі конкурстық негізде таңдалады.
- 1.2. Доцент кафедра меңгерушісіне тікелей бағынады және қажетті жағдайда факультет деканының тапсырмалары мен нұсқауларын орындайды
- 1.3. Доцент өзінің қызметі барысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2020 жылға дейінгі даму стратегиясын, «Кафедра туралы ережені» және осы нұсқаулықты, Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған процедураларын және т.б. басшылыққа алады.

2. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАР

- 2.1. Доцент қызыметі конкурстық болып табылады: жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, (магистр академиялық) дәрежесі, ғылыми-педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі кемінде 3 жыл болуы тиіс.
- 2.2. Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңдарын және басқа да білім беру саласының нормативтік құқықтық актілерін; білім беру жүйесін басқару теориясы мен әдістемесін; оқу жоспарларын дайындау тәртібін; оқу жұмыстарының құжаттарын жүргізу ережесін; кәсіби білім беру педагогикасын, физиологиясын, психологиясын және кәсіптік білім беру әдістемесін; студенттерге білім беру мен тәрбиелеудің қазіргі нысандары мен әдістерін; экономика негіздерін, еңбек заңнамаларын; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын.

3. ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕР

- 3.1. Жетекшілік ететін пәндері бойынша оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарын жоспарлайды, ұйымдастырады және бақылау жасайды. Жоғары білім мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік жұмыстарға қатысады.
- 3.2. Барлық сабақ түрлерін жүргізеді, курстық, дипломдық жұмыстардың жобаларына, магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік жасайды. Кафедраның ғылыми жұмыс бағыттары бойынша ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысады және жетекшілік жасайды.
- 3.3. Жетекшілік жасайтын пәндердің сабақтарын кафедра оқытушыларының сапалы өткізілуіне бақылау жасайды.
- 3.4. Жетекшілік жасайтын пәндері бойынша жұмыс бағдарламаларын дайындайды. Әдістемелік комиссия құрамында мамандық бойынша кафедраның (факультеттің) ғылыми-әдістемелік кеңесінің жұмыстарына қатысады.
- 3.5. Кафедрадағы зерттеу тақырыбы аясында ұйымдастырылатын семинарларға, мәжілістерге, конференцияларға, оның ішінде, кафедрадан жіберілген жағдайда халықаралық конференцияларға қатысады.

	ҚазҰУ	Мерзімі: 2014	Басылым: төртінші
	Кафедра доцентінің қызметтік нұсқаулығы	ҚазҰУ ҚН. 18-04-05	4 те 3 бет.

3.7. Кафедра оқытушыларының біліктілігін арттыруға қатысады, жаңа жұмысқа қабылданған оқытушыларға педагогикалық шеберлік пен кәсіби дағдыларды игеру үшін әдістемелік көмек береді.

3.8. Студенттердің, магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырады және жоспарлайды.

3.9. Мектеп оқушыларына кафедрадағы мамандықтар бойынша кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастырады және өзі қатысады. Ғылыми-техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық, құқықтық білімдерді насихаттауға қатысады.

3.10. Кафедраның материалдық-техникалық базасын дамытуға қатысады.

3.11. Студенттерді тәрбиелеу жұмыстарына қатысады.

3.12. Кафедрадағы ғылыми-педагог мамандарды даярлауға қатысады. Жеке жоспар орындау туралы есепті дайындайды және ұсынады.

3.13. Студенттер мен кафедра оқытушыларының еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтауына бақылау жасайды. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі нормаларын орындайды.

3.14. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушылары мен қызметкерлеріне арналған Корпоративті мәдениет Кодексінің нормаларын сақтауы тиіс.

4. ҚҰҚЫҚТАРЫ

4.1. Кәсіптік қызмет жағдайларының лайықты деңгейде болуы үшін факультет, университет әкімшілігі алдына мәселе қоя алады.

4.2. Оқу үдерісін ұйымдастыру мен халықаралық байланыстар орнату туралы ұсыныстар енгізе алады.

4.3. Оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік жоспарларды және кафедраның тәрбиешілік іс-шаруаларын қалыптастырып жасауға қатысады.

4.4. Орныққан тәртіпке сәйкес, халықаралық, республикалық, университеттік және факультеттік ғылыми, әдістемелік съездер, конференциялар, кеңестер, семинарлар жұмыстарына қатыса алады.

4.5. Өзінің негізгі жұмысына зияны тимейтін өзге қосымша еңбек қызметтерімен айналысы алады.

4.6. Еңбек туралы заңдарда көрсетілгендей, өзінің жұмыс тәртібіне орай, жеке еңбек шартын толықтыруға, өзгертуге және бұзуға құқылы.

4.7. Өзінің кәсіптік квалификациясын көтеру үшін жетекші оқу орындарында, мемлекеттік мекемелерде және басқа да орындарда (соның ішінде шет елдер де де) жаттығу тәжірибелерінен өтуге құқылы.

4.8. Интеллектуальды меншіктерін материалдық актив түрінде (ғылыми, әдістемелік еңбектер, патенттер, бағдарламалық қамтамасыздандыру, білімдік технологиялар және басқалар) қорғауға құқылы.

4.9. Факультет, университет әкімшілігі бұйрықтары мен жарлықтарының үстінен шағымдануға құқылы.

4.10. Педагогикалық, ғылыми және тәрбиешілік жұмыстардағы жетістіктері үшін (материалдық және моральдық тұрғыда) жеңілдіктер иелене алады.

4.11. Кафедра, факультет, университет іс-шараларына байланысты мәселелерді талқылап, ұсыныстар енгізе алады.

	ҚазҰУ	Мерзімі: 2014	Басылым: төртінші
	Кафедра доцентінің қызметтік нұсқаулығы	ҚазҰУ ҚН. 18-06-5	4 те 4 бет.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

5.1. Доцент оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік және тәрбиелік жұмыстар туралы жауапкершілікті толық мойнына алады. Доцент кафедрадағы еңбек тәртібін, педагогикалық әдеп өлшемдерін, факультет пен университеттің ішкі еңбек ырғағын, реттерін сақтауға жауапты.

Қызметтік нұсқаулықтармен таныстырылды:

1. Дәрібаев С. _____
2. Ахмет К. _____
3. Сағындықов Н. Б. _____
4. Үмбетаев М. _____
5. Бұлдыбай А.С. _____
6. Әбдіқұлова Р.М. _____
7. Қалқабаева С.А. _____
8. Болатова Г.Ж. _____
9. Асқарова А. _____
10. Мекебаева Л. _____